

5 қаңтар 2025 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

2024 жыл аяғында өңдеуші өнеркәсіп
өсімі рекорд орнатты



5 қаңтар 2025 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізгі тұжырымдар

Шолу

Пікір

Өндіріс пен сұраныс

Жұмыспен қамту және
өндіріс қуаты

Жеткізу тізбегі

Инфляция

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Желтоқсан 2024

Өндіріс пен тапсырыстың артуы аясында PMI индексі жаңа көрсеткішке жетті

Сатып алу белсенділігі мен жұмысқа алу саны өсті

Валюта құнының әлсіреуі бағаға қысым көрсетті

**Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI
Желтоқсан 2024**

53.9

PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Ол жаңа тапсырыстар, өндіріс, жұмыспен қамту, жеткізу мерзімі, сатып алулар қоры бойынша айлық өзгерістерді бақылап отыратын бес қосалқы индекстің орташа мәні. Әр қосалқы индекс 0 мен 100 аралығында және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәні. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекстер маусымға қарай түзетіліп отырады. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [мына жерді](#) басыңыз.

2024 ЖЫЛ АЯҒЫНДА ӨНІМ ӨНДІРУДЕГІ ӨСІМ РЕКОРД ОРНАТТЫ

Қазақстандағы өнім өндіру саласы 2024 жылды оң нәтижемен аяқтады, өсім қарқыны жеделдегені байқалады және сауалнаманы бастаған алты жыл бұрынғы нәтижеге қарағанда бизнес жүргізу ахуалы біршама жақсарған.

Сатып алу мен жұмысқа орналасу саны өскенін атап өткен компанияларда сұраныстың ұлғаюуы жаңа тапсырыстардың және өнім өндірудің де рекордты деңгейде өсуіне себеп болған. Дегенмен баға инфляциясы тағы күшейді, алайда дайын өнім бағасы қараша айына қарағанда баяу және жалпы орта шамамен салыстырғанда әлсіздеу көтерілді.

Freedom Holding Corp. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсіп саласындағы PMI® (Purchasing Managers' Index™) желтоқсанда екінші ай қатарынан жаңа рекорд орнатты, қарашадағы 53.5-тен 53.9-ке жетті. Бизнес жүргізу ахуалы он ай қатарынан нығайып келеді.

Өнім өндіру саласындағы ахуалдың рекорд орната отырып оңалуына желтоқсандағы өндіріс пен жаңа тапсырыстардың күрт артуы ықпал етті.

Тұтынушы тарапынан сұраныстың артқаны туралы ақпараттың кеңінен таралуына орай жаңа тапсырыстардың өсу қарқыны екінші ай қатарынан рекорд орнатты.

Өз кезегінде, өндірушілер өнім көлемін арттырды. Дайын өнім оныншы ай қатарынан өсті және сауалнама тарихындағы ең жедел

өсім болды, өсу қарқыны мұның алдында 2020 жылы болған рекордтан асып түсті.

Өнім өндірудегі жедел өсім – жаңа тапсырыстар саны ұлғайғанына қарамастан, компаниялар жұмыс барысында бітпеген шаруаны уақтылы аяқтап отырғанын білдіреді.

Желтоқсанда жұмысқа орналасу мен сатып алудағы белсенділіктің бірдей тұрақты өсуінің арқасында әлеует күшейді.

Қызметкер саны тым ұлғая қоймағанымен, наурыздан бері жаңа жұмыс орындары тұрақты түрде ашылып келді, жыл соңында компаниялар жұмыскерлердің негізінен толық еңбек күніне жалданғанын атап өтті.


Сол аралықта сатып алу белсенділігі тағы да күрт өсті, өсім қарқыны қарашадағы көлеммен қарайлас болды.

Қоймаға қор сатып алудағы елеулі өсім тұрақталуға таяды, алайда желтоқсанда өндіріске керек заттар қоры қысқарды, соңғы алты ай қатарынан осы ахуал байқалды. Қажет ресурстар дайын өнім шығарудағы өсімді жиі қамтамасыз етеді.

Саудадағы сұранысқа сай болу үшін керек заттар қоры кеңінен қолданылғанымен қоймаға жиналған дайын өнім де көбейді. Қоймадағы дайын өнім қоры соңғы жеті ай ішінде аз да болса ұлғайды. Компаниялар дайын өнім жөнелтуге дейін қоймада сақталатынын хабарлады.

Желтоқсанда көбінесе логистикадағы қиындықтардың әсерінен жеткізіп беру уақыты тағы да ұзарды, алайда сәуір айынан бері жеткізіп берушілер жұмысының нашарлауы айтарлықтай байқалмады.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2024 ж. 05-16 Желтоқсан аралығында жиналған. Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Ресурс бағасы үш айдағы ең жоғары деңгейге жеткен инфляция қарқынымен бірге күрт өсті. Респонденттер ресурс бағасының өсуін долларға қатысты теңге құнының әлсіреуімен байланыстырды, сонымен қатар бұл шикізат бағасының да шарықтағанын білдіреді.

Өз кезегінде компаниялар да сату бағасын нық қарқынмен өсірді, дегенмен баға қарашаға қарағанда баяу және жалпы орта шамадан әлсіз қарқынмен өсті.

Сұраныс 2025 жылы да ұлғая түседі деп күту және өнім көлемін арттыру жөніндегі жоспар өндірістің алдағы бір жылғы болашағына қатысты үмітке толы сенім сыйлады. Дегенмен, екінші ай қатарынан жалпы көңіл-күй төмендеді.

ПІКІР

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:


"Қазақстанның өңдеуші салалары жылды тарихи жоғары көрсеткішпен аяқтады, жаңа тапсырыстар мен өндіріс көлемі рекордтық деңгейде өсті. Баға факторы өзекті болып қалып отыр: шығын инфляциясының жеделдеуі сату бағасының қымбаттауына әкеліп соқты. Алайда, екі жағдайда да өсу қарқыны

тарихи орта шамадан төмен болуы оптимистік күйге жетелейді. Шикізат бағасының өсуі мен логистикадағы кедергілерге қарамастан, өндірушілер белсенді сатып алу мен жұмысқа қабылдау үрдісін жалғастыра берді. Қоймадағы дайын өнім қоры соңғы жеті айда алғаш рет көбейді, осылайша ұзаққа созылған сарқылу кезеңі аяқталды. Сала өкілдері 2025 жылға қатысты оптимистік пікірді ұстанады, бұдан әрі сұраныс өседі деген үмітпен өндіріс көлемін арттыруды жоспарлап отыр."

Байланысушы тұлға

Ерлан Әбдікәрімов
Freedom Finance Global
PLC, Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



ӨНДІРІС ПЕН СҰРАНЫС


2024 жылдың соңғы айында Қазақстандық өндірушілерде өндіріс өсімінің қарқыны одан әрі жеделдей түскені байқалды.

Оған қоса, өндіріс көлемінің елеулі ұлғаюы, сауалнама басталған 2019 жылдан бергі күрт өсім, тіпті 2020 жылғы ең жоғары көрсеткіштен асып түсті.

Респонденттер өндіріс көлемінің өсуін жаңа тапсырыстар санының артуымен байланыстырады. Іс жүзінде

жаңа тапсырыстар да сауалнама тарихындағы ең жоғары қарқынмен өсті, ең жоғары өсім екінші ай қатарынан тіркеліп отыр. Компаниялар клиенттер тарапынан сұраныстың артқанын атап өтті.

Өндірушілердің 2025 жылы да сұраныс артады деп үміттенуі – алдағы жылы да өндіріс көлемі ұлғаяды деген оптимистік көзқараста екенін білдіреді. Бірқатар респонденттер жаңа жылда өнім көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Әйтсе де көңіл-күй екінші ай қатарынан көтерілмей тұр және жалпы орта шамадан төмен.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚУАТЫ

Жаңа тапсырыстар мен өндірістік қажеттіліктердің жедел өсуі арқасында желтоқсанда компаниялар қосымша жұмыс күшін тартты.


Қызметкер саны он ай қатарынан өсіп келеді, респонденттер толық еңбек күніне жұмысқа қабылдау басым болғанын айтады. Жаңа жұмыс орнын ашу шамалы ғана өсті және мамырдағы ең әлсіз көрсеткішке дейін төмендеді.

Бұрын алынған тапсырыстарды орындау жыл соңында аяқталмаған

жұмыс көлемінің қысқарғанын білдіреді. Орындалмаған тапсырыс бесінші ай қатарынан, айтарлықтай қарқынмен қысқарды.

Желтоқсандағы деректер көрсеткендей қоймадағы дайын өнім қорының өсуі қайта жанданды, осымен алты ай бойғы қордың сарқылу қарқыны саябырсыды. Респонденттердің айтуынша, бұл қоймада жөнелтетін дайын өнім қоры бар екенін білдіреді.

Дегенмен өсім айтарлықтай емес, өйткені қордағы керек заттар тапсырыс талаптарын орындауға жұмсалады.



ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІ

Сатып алудағы белсенділік арта берді, жалпы өсім қарқыны қарашадағы көрсеткішпен бір деңгейде болды.


Сауалнамаға қатысушылар өндіріс қажеттіліктерінің артуына қарай ресурстар сатып алынғанын атап өтті. Сатып алудағы белсенділік соңғы он айдың әрқайсында өсіп отырды.

Сатып алынған тауарлар қоймадағы қорды толтыру үшін өндіріс өсімін қолдауға жұмсалды. Сөйте


тұра, сатып алу көлемінің артуы арқасында қоймада жиналған қор өсімі желтоқсан бойы тұрақталуға жақындады, қор аз ғана мөлшерде төмендеді, бұл алты айлық сарқылу кезеңіндегі анағұрлым аз қысқару болды.

Логистикадағы қиындықтар, шекара мен темір жолдағы бөгелістер желтоқсанда жеткізіп беру уақытының ұзаруына алып келді.

Дейтұрғанмен жеткізіп берудегі нашарлау қарқыны сәл ғана және соңғы сегіз айдағы ең елеусіз деңгейде болды.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Жеткізіп беру уақыты

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда тезірек



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



ИНФЛЯЦИЯ

Респонденттердің пікірінше, АҚШ долларына шаққандағы теңгенің әлсіреуі өндірістік шығындардың арта түсуіне ықпал еткен негізгі фактор болған.

Шикізат құнының шарықтауы да ескерілді. Ресурс бағасы желтоқсанда күрт өсті, инфляция қарқыны орташа мәннен төмен



деңгейде қалса да, екінші ай қатарынан жеделдеді.

Өндіріс шығындарының артуы жылдың соңғы айында қазақстандық өндірушілердің сату бағасын қымбаттатуына ықпал етті және бұл жағдай он алтыншы ай қатарынан жалғасып келеді.

Қызмет бағаларының инфляция қарқыны едәуір болды, алайда қарашаға қарағанда біршама төмендеді және жалпы орташа мәннен әлсіздеу болды.



■ Ресурс бағасы
■ Дайын өнім бағасы
Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Өнім өндіру PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған


қараша 2024



Америка

■ US ■ CA ■ BR ■ MX

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.


Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия
MX Мексика

Еуропа

■ EZ ■ GB ■ RU ■ TR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

EZ Еуроаймақ
GB Бірікке Корольдік
RU Ресей
TR Түркия

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ ASEAN ■ KR ■ AU


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
ASEAN - Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы
KR Оңтүстік Корея
AU Аустралия

■ Дамыған елдер ■ Дамушы елдер қараша 2024
X осі = PMI, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынды жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AT Австрия	CN Қытайдың ішкі өлкесі	ES Испания	ID Индонезия	JP Жапония	MX Мексика	PL Польша	TR Түркия
AU Аустралия	CO Колумбия	FR Франция	IE Ирландия	KR Оңтүстік Корея	MY Малайзия	RO Румыния	TW Тайвань
BR Бразилия	CZ Чех Республикасы	GB Бірікке Корольдік	IN Үндістан	KZ Қазақстан	NL Нидерланд	RU Ресей	US Құрама Штаттары
CA Канада	DE Германия	GR Грекия	IT Италия	MM Мьянма	PH Филиппин	TH Тайланд	VN Вьетнам

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында

құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.


Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Белгі (мәні)

- | | | | |
|---|------------------------------------|----|------------------------------------|
| 1 | Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар | 6 | Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау |
| 2 | Өсім бар, жедел қарқынмен | 7 | Құлдырау, жедел қарқынмен |
| 3 | Өсім, ұқсас қарқынмен | 8 | Құлдырау, ұқсас қарқынмен |
| 4 | Өсім, баяу қарқынмен | 9 | Құлдырау, баяу қарқынмен |
| 5 | Өсім бар, өзгеріссіз қалған | 10 | Құлдыраудан соң, өзгеріссіз |

Сауалнама ауқымы

250 өндіруші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Өндіріс, жаңа тапсырыстар, жаңа экспорттық тапсырыстар, болашақ өндіріс, жұмыспен қамту, орындалмаған жұмыс, қоймадағы дайын тауарлар, сатылым саны, жеткізіп беру уақыты, сатылым қоры, ресурс бағасы, дайын өнім бағасы

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

10 Азық-түлік

11 Сусындар

12 Темекі өнімдері

13 Текстиль

14 Киім-кешек

15 Былғары және тері өнімдері

16 Ағаш және ағаш өнімдері

17 Қағаз және қағаз өнімдері

18 Баспа ісі және таспаға жазылған материалдарды көбейту

19 Көмір және мұнайдан өңделген өнімдер

20 Химия және химия өнімдері

21 Фармацевтика өнімдері

22 Резеңке және пластик өнімдері

23 Басқа да бейметалл минерал өнімдер

24 Негізгі металдар

25 Өңделген металл өнімдер

26 Компьютер, электроника және оптикалық өнімдер

27 Электр жабдықтары

28 Машина және басқа салаларға жатпайтын жабдықтар

29 Көлік құралдары, жүк көліктері, тіркемелер

30 Транспорттың өзге бөлшектері

31 Фурнитура

32 Өзге де өндіріс

33 Машиналар мен жабдықтарды орнату және өңдеу

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбикәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры,
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Сабрина Мэйин
Корпоративті коммуникация
жөніндегі маман
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7967 447 030
sabrina.mayeen@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.